

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

ҚазҰӨУ ОӘК отырысында
қарастырылып келісілген
№ хаттама «___» _____ 2024 ж.

ЖОБА

Мәдениет және өнер бағытындағы білім беру мекемелерінің
оқытушылары мен мұғалімдеріне арналған
біліктілікті арттыру курсы бойынша білім беру бағдарламасы

**«ІШЕКТІ АСПАПТА КӘСІБИ ОРЫНДАУШЫЛЫҚ
ШЕБЕРЛІКТІҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕМЕСІ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ»
(ҚЫЛ ҚОБЫЗ, ҚОБЫЗ-ПРИМА, АЛТ ҚОБЫЗ)**

Құрастырушы:
«Қобыз және ОХА» кафедрасының
доценті, К.А.Мусаева

Астана – 2024

Жалпы ереже

Мәдениет және өнер бағытындағы білім беру мекемелерінің оқытушылары мен мұғалімдеріне арналған біліктілікті арттыру курсы бойынша білім беру бағдарламасы «Ішекті аспапта кәсіби орындаушылық шеберліктің заманауи әдістемесі мен тәжірибесі» (бұдан әрі – Бағдарлама), музыкалық білім беру ұйымдарындағы қобызшының кәсіби қызметін дамыту және одан әрі жетілдіру мәселелерінің кешенін қамтиды, теориялық және практикалық білімдерін жаңартуды және мұғалімдердің кәсіби шеберлігін кеңейтуді, оларға әдістемелік көмек көрсетуді қамтамасыз етеді.

Қазіргі таңда музыкалық білім беру саласында педагогикалық процеске қатысушылармен табысты және нәтижелі ынтымақтастықта жұмыс істейтін, заманауи білім беру технологияларын жетік меңгерген, әртүрлі педагогикалық сұрақтарға тез жауап бере алатын және тез бейімделетін мұғалім қажет. Заманауи мұғалім білім беру жүйесінің негізгі міндеттері білім беру кеңістігінде өмір сүруге қабілетті жаңа ұрпақты дайындау, болашаққа білімді тұлғаны дамыту, тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерінің дамуына бағытталуы, оның бойындағы дүниені қабылдауы, мейірімділік пен мәдени пайдалылық туралы шынайы адамгершілік идеяларына сай келетін қасиеттерді қалыптастыру. Білім беру қызметтерінің көлемінің үнемі кеңейуі заманауи маманнан жоғары ұтқырлықты, үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі жетілдіруге дайын болуды талап етеді.

Біліктілікті арттыру курсының ұзақтығы 80 сағатты құрайды. Сабақ кестесін жасау кезінде ғылым мен педагогикалық технологиялардағы жаңартуларды ескере отырып, Бағдарламаның пәніне өзгерістер енгізуге рұқсат беріледі. Бағдарлама мазмұнының бір бөлігі кәсіби бағытталған пәндік білімдерді (теория мен оқыту әдістемесі, музыкалық сауаттылық, репертуар, орындаушық өнер тарихы, және т.б.) шоғырландыратын модульдер кіреді.

Біліктілікті арттыру курсы бойынша: ZOOM. WhatsApp желілерінде қашықта лекциялар, практикалық (тәжірибе) сабақ, теория тұрғыда: білім жүйесі, әдіс-амалдар, тәсілдер, әр сатыдағы репертуарлық талаптары мен ерекшеліктері, білім алушының білімін тексерудің формалары, критерийлері мен мерзімдері. Сонымен қатар, нота әдебиеттерімен жұмыс жасау, аудио-бейнежазбаларды тиімді пайдалану, орындаушылық шеберлікті арттыру жолдары талқыланады. БММ, колледж, бакалавриат репертуарлық жобаларын сатылай оқыту ерекшеліктері қарастырылады.

Біліктілік көтеру курсын оқу белгілі кезеңдер аралығында өтілуге тиісті шара, әрбір тәлімгердің талабына сәйкес ұсынылады. Оқытушы өзінің курстан өткендігі жөніндегі тұжырымдамасын атқарушы ұстазға сынақ ретінде тапсырады және оны анықтайтын кепілдеме ретінде арнайы сертификат алады.

2. Глоссарий

Бағдарламада қолданылатын ұғымдар:

Өнер — көркем образдар жүйесі арқылы адамның дүниетанымын, ішкі сезімін, жан дүниесіндегі құбылыстарды бейнелейтін қоғамдық сана мен адам танымының формасы.

Музыкалық білім – музыка өнерін танып - білудің негізін музыкалдық білімнің келесі екі негізі құрайды: музыка өнері жөніндегі біртұтас ұғымды қалыптастыруға мүмкіндік беретін білімдер; нақты музыкалық шығармаларды қабылдауға көмектесетін білімдер.

Музыканы оқыту – екі жақты процесс. Бұл музыкалық білім мазмұнын меңгерту бағытталған оқытушы мен оқушылардың арнайы ұйымдастырылып, мақсатты бағытталған өзара әрекеттестігі. Музыканы оқытудың негізін музыкалық білім, іскерлік, дағдылар, дүниетанымдық көзқарастар құрайды.

Музыканы оқыту әдістемесі – болашақ музыка пәні мұғалімінің музыкалық білім беру процестерінің әдістерін, құралдарын және ұйымдастыру формаларын зерттеуге, теориялық білімдерін практика жүзінде қолдана білуге үйрететін пән.

Аспапты меңгеру – білім алушы оқытылатын аспапта (фортепиано, баян) ойнаудың негізгі дағдыларын, ноталық мәтінді парақтан оқу дағдыларын қолданады, бұл бейтаныс музыкалық мәтінде еркін бағдарлануға мүмкіндік береді, шығармашылық ойлауды белсендіреді және жаңа репертуарды меңгеруді жеңілдетеді, ансамбльдік орындау дағдыларына ие болады. Өз бетінше жұмыс істейді және педагогикалық қызметке дайын.

Педагогика – термині гректің екі сөзінен: "пайс" - бала және "егейн" - баланы басқару, тәрбиелеу, бағу ұғымдары.

Педагогикалық шеберлік – үнемі жетіліп отыруды қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеу өнері.

Орындаушылық тәжірибе – кейбір әдістердің арнайы ұйымдастырылған тексеруі оның педагогикалық тиімділігін анықтау үшін жұмыстар қабылдау.

Орындаушылық шеберлік – орындаушылық шеберліктің теориялық негіздерін оқыту, кәсіби орындаушының тұлғалық келбетін қалыптастыру, әдіс-тәсілдерін игеру. Білім алушылардың болашақ кәсіби іс-әрекеттеріне саналы шығармашылықпен қарауға мүмкіндік туғызу. Ғасырлар қойнауынан жалғасқан дәстүрлі өнер туындыларының заманауи сахнадағы орындаушылық үлгісін қалыптастыру және келешек ұрпаққа мұра етіп қалдыру

Орындау техникасы – музыкалық шығармалардың көмегімен орындалатын білім, білік, әдіс-тәсілдер жиынтығы;

Стиль – шығарманың көркемдік әдісі мен тәсілдер жиынтығы. Көркем шығармада образ жүйелерін құру әдістерінен композитордың шығармашылық манерасын байқаймыз. Музыкалық стиль композитордың өзіндік дара ерекшелігін, қолтаңбасын анықтаумен бірге, өткен дәуір мен қазіргі замандағы көркемдік әдіс-тәсілдер мен бағыт-бағдарламасын да анықтады.

3. Бағдарламаның тақырыптары

№	Модуль атауы	Тақырып атауы
1	Орындаушылық өнер тарихы	1.Қобыз-прима аспабының түрлері 2.Орындалған шығармалар
2	Арнайы педагогикалық әдістеме	1. Қол қойылымы, ноталық сауат 2. Аппликатура техникасы, техниканы дамыту әдістері
3	Репертуарды таңдау	1.Өңделген ән-күйлерді талдау, орындау амалдары 2.Дыбыс мәдениеті
4	Күрделі шығармаларды талдау	1.Ауқымды шығарма мен күрделі шығарманың айырмашылығы 2.Қобыз-прима репертуары
5	Орындаушылық шеберлік	1.Сахналық мәдениет, концерттік репертуар жаңашылдығы 2.Конкурстық шығармамен концерттік шығарманың айырмашылығы
6	Өзіндік жұмыспен практика	1.Бақылау тестілеу сұрақтарына дайындық 2.Практикалық жұмыс нәтижелері
	Барлығы	80 с

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Мақсаты: Бағдарламаның мақсаты: саладағы педагогтар мен мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыру, арнайы білім беру жағдайында олардың тұлғалық, танымдық және практикалық дайындығын дамыту, жетілдіру.

Бағдарламаның мақсатына қол жеткізу үшін келесі міндеттер айқындалады:

Қобыз өнерінің теориялық және практикалық аспектілерін меңгеру арқылы оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін арттыру, қобыз-прима аспабының дамуы, жетістіктері мен нәтижелерін насихаттау. Прима және қыл қобыз мамандықтары бойынша арнайы оқу орындарында сабақ беретін ұстаз – тыңдармандардың біліктілігін арттыру.

Міндеттері:

- педагог-маманның білімін жетілдіру;
- аспапты жан-жақты игеру тәсілдері;
- өнерге қатысты әдебиеттермен танысу;
- мамандық бойынша сабақ беру әдістерін игеру;
- қобызшының отырысы мен қол қойылымын игеру;
- мамандық бойынша сабақ өткізу жолдарын игеру;
- педагогикалық әдістерді игеру;
- тәжірибелік дағдыны қалыптастыру;
- сабақты жүйелі түрде өткізу дағдысын қалыптастыру;
- қобызға арнайы жазылған және лайықтаған шығармаларды игеру;
- қобызға қатысты әдістемелерді оқып игеру;
- бағдарлама аясында бастауыш, орта және арнайы музыкалық білім беретін оқу орындарына лайықты репертуар қорын жасау;
- **кәсіби білімді арттыру:** қобыз-прима аспабының оқыту әдістемесін жаңа тәсілдермен бөлісу, тереңінен игеру, жаңарту;
- **практикалық дағдыларды дамыту:** оң және сол қол қойылым техникалары, дәстүрлі ән-күйлерді орындау тәсілдері және классикалық шығармаларды орындау ерекшеліктерін білу, меңгеру;
- **оқытушылардың өзіндік ізденістерін қолдау:** оқытушылардың шығармашылық ізденістерін, педагогикалық тәжірибесін және оқу-әдістемелік жұмысын дамыту;
- **кәсіби қауымдастықты қалыптастыру:** оқытушылар арасында тәжірибе алмасу мен кәсіби байланыстарды нығайту;
 - педагогикалық міндеттер қою мен оларды шешімін табуға бағытталға әдістерді меңгеру;
 - оқу барысында алған теориялық білім мен практикалық дағдыны қолдануды үйрену;
 - қажетті оқу-әдістемелік материалды таңдай білу;
 - әр сатыда сабақ беру әдістерінің негізгі проблемаларын білу;
 - сабақ өту формалын білу;
 - сабақты жүйелі түрде өткізе білу;
 - оқыту-іс қағаздарын толтыру шарттары, педагогикалық практика мәселелері.

Күтілетін нәтижелері:

- теориялық білім: қатысушылар қобыз-прима аспабын оқыту әдістемесі туралы терең білім алады;
- практикалық дағдылар: қол қойылымы, дыбыс мәдениеті, техникалық қиындарды игеру жолдарының әдістерін игереді;
- ұғалімдер арасындағы ынтымақтастық: оқытушылар арасында тәжірибе алмасу мен кәсіби байланыстарды нығайтады;
- **білу**

- оқытудың тиімділігі мен сапасын жоғарлатудың әдістері мен құралдарын біледі;
- студенттердің зияткерлік қабілетін арттыруға бағыттылған оқу процесін

ұйымдастырудың негізгі тәсілдерімен таныса біледі;

– қазіргі заманғы өнер педагогикасының инновациялық технологиялары мен интерактивті әдістерін қолданудағы шығармашылық тәсілдерді қабылдау;

- ***пайдалана білу (істей алу)***

- өз білімін, түсінігін және жана ортадағы мәселелерді кәсіби деңгейде шеше білу қабілетін қолдана білу;
- оқу процесінде оқушыға онлайн режиміндегі (интернет) байланыспен сабақ бере білу;

- оқушының қабілетіне қарай дұрыс шығарма тандап беру;

- ***меңгеру***

- қобыз өнеріне байланысты оқу-әдістемелік материалдарды меңгеріп, жұмыс жүргізу;

– заманауи білім берудегі инновациялық тенденцияларды ескере отырып, кәсіби өзін-өзі дамытудың перспективалық бағыттарын құру және жүзеге асыру мүмкіндігі;

Бағдарламаның практикалық маңыздылығы:

Оқыту нәтижелері: Бағдарлама қатысушылардың кәсіби құзыреттілігін арттырып, қобыз прима аспабының терең білімін игеруге мүмкіндік береді. Бұл білім мұғалімдердің сабақ беру тәжірибесіне тікелей әсер етеді, олар ұлттық музыкалық мәдениетті тиімді түрде насихаттай алады.

Тәжірибелік дағдылар: Практикалық сабақтар мен шеберлік сыныптары арқылы мұғалімдер өздерінің орындаушылық және оқыту дағдыларын жетілдіреді, бұл оқушылармен жұмыста нәтиже береді.

Осылайша, бағдарлама ұлттық мәдениетті дамытуға, оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға және жастарға сапалы музыкалық білім беруге бағытталған.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

10. Бағдарламаның құрылымы:

- 1) жалпы ережелер;
- 2) глоссарий;
- 3) Бағдарламаның тақырыбы;
- 4) Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері;
- 5) Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны;
- 6) оқу процесін ұйымдастыру;
- 7) Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету;
- 8) оқытудың нәтижелерін бағалау;
- 9) курстан кейінгі қолдау;

10) негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі.

Бағдарламаның мазмұны алты модульден тұрады:

- 1-модуль Қобыз-прима аспабының дамуы;
- 2-модуль Арнайы педагогикалық әдістеме;
- 3-модуль Репертуарды таңдау;
- 4-модуль Күрделі шығармаларды талдау
- 5-модуль Орындаушылық шеберлік;
- 6-модуль Өзіндік жұмыс пен практика

1-модуль Қобыз-прима аспабының дамуы.

- аспаптың шығу тарихы, дамуы. Қобыз-прима пішіндері, (корпус) терімен қапталған қобыздардың түрлері, үш ішекті қобыз.
- орындалған шығармалардың алғашқы орындаудағы аппликатура амалдары.

2-модуль Арнайы педагогикалық әдістеме.

- арнайы әдістемелер, заманауи әдістемелермен бөлісу, жаңа техникалық әдістер мен амалдар.
- қол қойылымының маңыздылығы, ноталық сауатты дамыту
- техниканы дамыту әдістеріне арнайы қобыз-прима аспабына жазылған гаммалардың жаңартылған түрлері, арпеджио орындаудың аппликатура мәселесін білу

3-модуль Репертуарды таңдау.

- өңделген ән-күйлердің орындау амалдары, (қағыс) штрих
- дыбыс мәдениеті, вибрация түрлерін көрсету, орындаудағы аппликатура

4-модуль Күрделі шығармаларды талдау

- ауқымды шығарма мен күрделі шығарманың айырмашылығы, қобызға өңделген шығармалар, аппликатура, техникалық қиындықтарды шешу амалдары.
- қобыз-прима репертуарын дұрыс таңдау, орындаушының талабына сай әдістеме жүйесімен сатылай дамудың әсері

5-модуль Орындаушылық шеберлік

- сахналық мәдениет, концерттік репертуар жаңашылдығы
- конкурстық шығармамен концерттік шығарманың айырмашылығы

6-модуль Өзіндік жұмыспен практика

- бақылау тестілеу сұрақтарына дайындық, практикалық жұмыстар
- оқытушылардың кәсіби дамуына арналған ізденіс жұмыстарын ұйымдастыру, тәжірибелік сабақтар мен зерттеулер жүргізу.

6 Бөлім. Оқу барысын ұйымдастыру

Курс ұзақтығы: 80 сағат.

Тыңдаушылар категориясы: ЖОО оқытушылары мен мәдениет және өнер бағытындағы білім беру мекемелерінің мұғалімдері.

Оқыту түрі: қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы күндізгі оқу.

Білімін бақылау: Сынақ.

Білімді бақылау практикалық сабақтарда жүзеге асырылады. Өзіндік жұмыс ғылыми-әдістемелік әдебиеттердің қысқаша мазмұны түрінде беріледі.

Курстың 1 академиялық сағаты – 45 минут.

3. Бағдарламаның жоспары мен тақырыптары

№	Тақырып және бөлім атауы	Академиялық сағат			
		Барлық сағат	Дәріс, практика	СӨЖ	Бақылау және бағалау СӨЖ
1	Орындаушылық өнер тарихы	11			
1.1	Қобыз-прима аспабының түрлері		3	3	
1.2	Үш ішекті қобыз		2	3	
2	Арнайы педагогикалық әдістеме	12			
2.1	Қол қойылымы, ноталық сауат		3	3	1
2.2	Техниканы дамыту әдістері		2	3	
3	Репертуарды таңдау	12			
3.1	Өңделген ән-күйлерді талдау, орындау амалдары		3	3	1
3.2	Дыбыс мәдениеті		2	3	
4	Күрделі шығармаларды талдау	16			
4.1	Ауқымды шығарма мен күрделі шығарманың айырмашылығы		3	4	1
4.2	Қобыз-прима репертуары		3	4	1
5	Орындаушылық шеберлік	15			
4.1	Концерттік репертуар мен конкурстық репертуардың айырмашылығы		3	4	1
4.2	Сахна мәдениеті мен психологиялық-эмоциялық факторларды талдау		2	4	1
6	Өзіндік жұмыс пен практика	14			
5.1	Бақылау тестілеу сұрақтарына дайындық		3	3	1
5.2	Практикалық жұмыстар		3	3	1
	Барлығы	80	32	40	8

7.Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету музыкалық білім беру ұйымдарының бейіні бойынша педагогтар мен мамандарды даярлауды ұйымдастыру және олардың көмегімен іске асыру үшін қажетті Бағдарламаның модульдеріне арналған барлық оқу-әдістемелік құжаттар мен материалдардың жиынтығы болып табылады.

Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мынадай материалдарды қамтиды: оқу-әдістемелік құралдар;

әдістемелік ұсыныстар; дәріс конспектілері;

практикалық жаттығуларға арналған нұсқаулықтар;

білім, білік, дағдыны бақылауға арналған материалдар;

глоссарий (анықтамалық, сөздік);

презентация және үлестірме материалдар;

практикалық сабақтарға арналған әдістемелік материалдар;

аудио, бейне және мультимедиялық материалдар;

студенттерге негізгі және қосымша әдебиет ретінде ұсынылатын оқу әдебиеттерінің тізімі.

Оқу-әдістемелік кешендерді қағаз жүзінде де (кітаптар, брошюралар), электронды түрде де қолдануға болады.

8. Оқыту нәтижелерін бағалау

Үйренуші сабаққа уақытымен келуге, дәрістерді толық меңгеруге міндетті. Бағдарлама бойынша талап етілетін сынақтарды тапсырады және оқыту методикасы саласында берілген тақырып бойынша реферат тапсырады.

Бағдарлама бойынша қорытынды аттестаттау өзіндік жұмысты ағымдағы сынақ және курс соңында бағдарламаның негізгі тармақтары бойынша тестілеу түрінде жүзеге асырылады.

Өзіндік жұмыс кезінде қатысушылар берілген тапсырмаларды орындайды.

Өзіндік жұмысты бағалау критерийлері:

1) орындалмаған – 0 балл;

2) ішінара орындалды – 1 балл,

3) толық орындалды – 2 балл.

Оқытушылардың кәсіби құзыреттіліктерін меңгеру деңгейін анықтау үшін келесі параметрлер қолданылады:

1) оқытылатын модуль бойынша оқу материалының мазмұнын меңгеру;

2) алған білімдерін оқытуда және орындауда қолдану;

3) концерттік орындаушылық шеберлікті меңгеру;

Қатысушының өзіндік жұмысты орындау білімін бағалау ұпайларды он балдық жүйеге ауыстыру арқылы жүзеге асырылады:

1) «Өте жақсы»: 9-10 балл (85-100%);

2) «Жақсы»: 7-8 ұпай (75-84%);

3) «Қанағаттанарлық»: 5-6 балл (50-74%).

9. Курстан кейінгі қолдау

Курстан кейінгі қолдау мұғалімнің нақты мәселелерін шешуге бағытталған және келесі элементтерден тұрады: өзін-өзі анықтау, құзыреттіліктердің өзектілігі, кері байланыс, сабақтастық. Курстан кейінгі кезең толық ауқымды рефлексияны, курстан кейін өткізілген іс-әрекеттер туралы шығармашылық есеп беруді қамтиды.

1) Курстан кейінгі қолдау жүйесінде бірінші кезеңде біліктілікті арттыру бағдарламаларын іске асыратын профессорлық-оқытушылық құрам мен біліктілікті арттыру курсына қатысушылардың өзара әрекеттесуінде әртүрлі байланыс құралдарын (электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер (Facebook, WhatsApp және т.б.).

2) Оқытушылар өзара тәжірибе алмасып, бірігіп қызмет жасауды, соның ішінде Интернетте бар сәтті, озық үлгідегі тәжірибелерді, бейне-оқулықтар мен түрлі материалдарды, ғылыми-әдістемелік басылымдар каталогы және т.б. зерттейді.

3) Курстан кейінгі қолдау біліктілікті арттыру бағдарламасының мазмұнын меңгерген оқытушыларға семинарлар, вебинарлар, дөңгелек үстелдер, сондай-ақ кәсіби байқауларға, фестивальдерге, концерттік шараларға қатысу арқылы материалды меңгеруді жалғастыруға мүмкіндік береді.

№	Іс-шара атауы	Форма	Іске асыру тәсілдері
1	Колледждер мен жоғары оқу орындарының домбыра бөлімдерінде базалық пәндерді оқытудың әдістемелік ерекшеліктері.	Вебинарлар	Әлеуметтік желілер: Zoom, whatshapp, Youtube, facebook, др.
2	Өнер тарихы бойынша дәрістер. Заманымыздың көрнекті музыканттарының шеберлік сабақтары	Бейнесабақтар, ашық сабақ, шеберлік-сыныптар.	Әлеуметтік желіде: Youtube, Facebook және т.б.
3	Қазақстанда өтетін халықаралық және республикалық конкурстар	Оқушы дайындап қатысу	Республика қалаларының залдары

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер тізімі:

1. Кобызовая традиция // Вопросы изучения казахской традиционной музыки. – Алматы: Полиграфия, 2009 – 520 с. Омарова Г
2. «Ғасырлармен үндескен қобыз», К.А. Оразалиева, Алматы: 2007ж., 7-10 бет
3. «Ғасырлар пернесі», А.К. Жұбанов, Алматы, 2007ж.15-20 б.
4. «Қобыз үйрену мектебі», Д.К. Тезекбаев, Алматы 1989ж. 10-20 б
5. Шабыт-І халық әндері мен күйлер, өңдеген К.А.Мусаева. 2018. – 88 б.

6. Пеккер П. Л. Дистанционное обучение: опыт московских вузов // Человек и образование. - 2015. - № 2 (43). - С. 66-71.
7. Дистанционные курсы «Музыкальное воспитание и развитие музыкального мышления на основе традиционной культуры» Е. Е. Васильевой и Т. С. Молчановой в марте 2017 г. в СПбГИК.
8. Федоров А.И. Дистанционное обучение в системе подготовки специалистов по физической культуре и спорту. Вып. 7. 2006 г.
9. Момбеков Т. Салтанат: Күйлер. /құр. Б. Ысқақов – Алматы.: Өнер, 1995. – 96 б.
10. Әбуғазы М. Шығыстың шыңырау күйлері. – Өскемен.: Шығыс, 2009. – 303 б.
11. Есенұлы А., Елеусізқызы Г. Күй керуені. – Алматы.:Өлке, 1997 – 160 б.
12. Нуркенов Р. Үш ішекті домбыра: аспап-күйші-күй: дис ... өнер. ғыл.маг.– Астана: ҚазҰӨУ, 2003. – 77 б.
13. Сахарбаева К. Атырау ән-күй мұхиты /құр. К.Сахарбаева, Қ.Ахмедияров. – Алматы.: Дайк-Пресс, 2001. – 784 б.
14. Аман.ов Б., Мухамбетова А. Казахская традиционная музыка и XX век. – Алматы, 2002. – 544 б.
15. Мациевский И. Народная инструментальная музыка как феномен культуры. – Алматы.: Дайк-Пресс, 2007 – 520 с.
16. Утегалиева С. Хордофоны Центральной Азии. – Алматы.: Казакпарат, 2006. – 120 с.
17. Утегалиева С. Проблемы изучения музыкального инструментария тюркоязычных народов.// Музыка Азии: проблемы и материал
18. Жүзбай Ж Қазақтың шертпе күйлері. – Қарағанды.: Болашақ, 2006. – 176 б.
19. Қобыз бен фортепианоға арналған Қазақстан композиторларының шығармалары. - Алматы,2008 ж.
20. XIX-XX ғасырдағы Қазақстан қобызшылары, анықтама кітап Т.Ж.Егінбаева, К.А.Мусаева. 2020. – 139 б.
21. Микеле Мангани шығармалар жинағы, лайықтаған К.А.Мусаева. 2023. – 200 б.

Қосымша оқулықтар тізімі

1. Ф.Балгаева. Искусство игры на кобызе. Алматы,1965 г. 5-20 б
2. Ф.Балгаева.Қобызға арналған пьесалар. - Алматы, «Жалын»,1978 ж. 10-30 б
3. Каленбаева М.К. Қобызға арналған күйлер. – Алматы,2003 ж. 5-20 б.
4. Каленбаева М.К.Исполнительский анализ кюев - Алматы, «Жалын», «Төремұрат», «Түрмеден қашқан»2003г.
5. Г.Уразалиева-Шильдебаева. Қобыз аспабын сатылай үйрену. Хрестоматия. - Астана, 2007
6. Г.Уразалиева-Шильдебаева.Ғасырлармен үндескен қобыз. - «Елорда»,2006
7. Ғ.Молдакаримова. Қобыз әндері. - Алматы, 1999

8. Ғ.Молдакаримова.Қобыз үйрену мектебі. - Алматы, «Жазушы»,2004
9. Ғ.Молдакаримова.Қобызға арналған шығармалар. - Алматы, «Жазушы»2008
10. Ж.Еркімбаев.Домбыра мен қобызға арналған пьесалар.- Алматы, Каз. Мемлекеттік көркем әдебиет, 1990.
11. Р.Мусаходжаева. Қобыз бен фортепианоға арналған пьесалар.- Алматы, «Дайк-пресс»,2002
12. З.Бисембаева. Қобызбен фортепианаға арналған Қазақстан композиторларының шығармалары. - Алматы,2008
13. З.Бисембаева. Қобыз аспабын үйретуге арналған оқу-әдістемелік.- Алматы, 2006
14. З.Бисембаева. Қобызға арналған шығармалар.- Алматы, «Өлке»,1980
15. Ш.Рауандина., А Раимкулова - Обработка кюя Ыхласа- Камбар-Назым., для кобыза и фортепиано - А: 2010г
16. Қ.Мусин. Пьесы для скрипки.-Алматы, «Өнер»,1988
17. М.Аубакиров. Күй-поэма.- Алматы, 1986
18. Великанов В. Камерные произведения композиторов казахстана. - Алматы, 1956
19. Пьесы для скрипки. Сост.И.Коган.- Алматы,1980
20. Песни композиторов казахстана в переложении дляскрипки и ф-но Н.Патрушевой.- Алматы, 1980
21. А.Жұбанов. 5 пьес для кобыза или скрипки - Алматы, «Мектеп» баспасы, 1967
22. Д.Тезекбаев.Төрт шекті қобызға арналған пьесалар.- Алматы, «Жалын»,1977
23. Сборник. «Толғау».- Алматы,1977
24. Пьесы для скрипки.- Алматы, «Өнер»,1980
25. Кожамкулова Б.С.Хрестоматия казахской скрипичной музыки.часть 1,2.- Алматы 2000
26. У.Гаджибеков. Фантазии № 1,2 - Баку, 1954